

**Құдайберген Рүстем Құдайбергенұлы**

**Салықтық әкімшілендіру: талдау және жетілдіру жолдары  
(Семей қ-сы, «Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ материалдарында)**

**6М050900 – «Финансы»**

Қаржы бағытындағы Экономика ғылымдарының магистрі дәрежесін  
ізденуге дайындалған диссертацияның

**РЕФЕРАТЫ**

Семей, 2018 ж.

Ғылыми жетекшісі:

Э.Ғ.Д.  
Ержанов М.С.

Ресми оппонент:

Э.Ғ.К.  
Хасенова К.Е.

Қорғау «\_\_»\_\_\_\_\_ 2018 жылы сағат \_\_\_\_ Қазақстан инновациялық университетінің Экономика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін іздену жөніндегі 6M050900 – «Қаржы» магистерлік диссертацияны қорғау бойынша мемлекеттік аттестациялау комиссияның мәжілісінде өткізіледі. Мекен-жайы: 071400, Семей қаласы, Байсейітова 5А көшесі.

Диссертациямен Қазақстан инновациялық университетін кітапханасында танысуға болады ( Байсейітова, 5 к-сі) ҚИУ сайтында: <http://www.info@kiu.kz>

Реферат сайтта орналастырылған  
<http://www.info@kiu.kz/>

«\_\_\_\_\_»\_\_\_\_\_ 2014 г.

Экономика кафедрасының меңгерушісі  
Доктор PhD

Б.Қ. Қадыров

## Кіріспе

Диссертацияның мөлшері мен құрылымы, суреттердің, қолданылған әдебиеттер тізімінің саны. Диссертацияның құрылымы зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерімен анықталды және зерттеу тақырыбын ашуға бағытталған. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, 4 қосымшадан тұрады, жұмыстың мәтіні 89 бет, оған 4 сурет, 5 кесте, 36 әдебиет көзі кірген.

Негізгі сөздер тізімі: Салық қызметі, салық салу, тексерістер, салықтық әкімшілендіру, салық жүйесі, мемлекеттік кірістер басқармасы.

Зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының егемендігі, оның әлеуметтік бағдарлы нарықтық қатынастарға бағытталған даму жолына көшуі, мемлекет және қоғам мүддесіне қажетті қаржы - қаражаттардың мемлекет құзырында орталықтандырылуы, сондай-ақ, өтпелі кезеңдегі экономиканы реттеу барысында пайдаланылатын салық жүйесінің экономика және құқық аяларынан өзіне тиеселі орын алуының басты себепкері болып отыр.

Мемлекеттің материалдық мүддесі мен қоғам өмірінің айырықша экономикалық аясының тоғысатын жері, көбінесе объективті қаржылық – құқықтық құбылыс ретінде жарқын көрініс табатын салық салу саласы әрқашанда мемлекеттің салық жүйесінің реттеуші ықпалының ауқымы ретінде көрініс табады.

Салықтық әкімшіліктендірудің басты қызметі қоғамның экономикалық өміріндегі жүзеге асырылып жатқан әрекеттердің заңдылығын қадағалауға бағытталған. Нарықтық экономика жағдайында басқару құрылымдарының күрделілігі бақылаумен де байланысты, көптүрлі, тармақталған және әсерлі болғандықтан, қаржылық, несиелік, мақсатты және басқа да салаларда бақылау ерекше болады. Және осылардың барлығы экономикалық бақылау ұғымын құрайды [1].

Мемлекеттік саясат аясында жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік қайта құрулар соған сәйкес шешімдер мен ережелерге негізделеді. Оларды жүзеге асырмайынша қоғамның алдыға қойған: экономикалық өсім, қаржылық тұрақтылық, азаматтардың өмір сүру деңгейінің көтерілуі, олардың қауіпсіздігі және тағы басқа мақсаттарына жете алмайды. Бақылау кері байланыс формасы ретінде, біруақытта басқарушылық шешімдердің орындалуының катализаторы ретінде қызмет етеді. Басқарылып отырған объектінің нағыз жағдайы туралы қажетті ақпаратты ала отырып және оны сараптап, орын алған жағдайды түзетуге бағытталған нормативті актілерді, басқарушылық шешімдерді қабылдау арқылы қажетті шараларды қолдану турасында қорытынды шығаруға болады.

Нарықтық қатынастардың қалыптасуы экономикалық және әлеуметтік процесстерді басқаруда мемлекеттік реттеушіліктің рөлін арттыруда көрініс береді. Бұл салықтардың маңыздылығын билік құрылымдарын қажетті құралдармен қамтамасыз ету әдісімен ғана емес, қоғамдық ұдайы өндіріс пропорциясына мемлекеттік әсер ету жүйесіндегі элемент ретінде арттырады [2].

Ал бүгін біздің республикамызда салық реформасының басты мақсатына қол жеткізілді деп айтуға болады. Қазақстан ТМД-дағы көршілерінен біршама озып, мазмұны жағынан нарықтық және формасы жөнінен өркениетті салық жүйесіне ие болды [3].

Дегенмен, соңғы кездері заңды және заңмен қарастырылмаған құралдарды қолдану арқылы салықтан жалтару кең таралды. Бұл өз кезегінде салық органдары қызметкерлерінен әрүрлі сипаттағы жалтару мен оны жүзеге асырудың көптеген механизмдерін тиянақты түрде сараптаудан өткізуді талап етті. Сонымен бірге олардың жалпы салық салынатын табысқа сәйкесінше бюджеттің табыс бөлімін қалыптастыруға тура және жанама әсерін зерттеу қажеттілігі туды.

Мәселенің зерттелу деңгейі. Қарастырылып отырған ғылыми зерттеуде Қазақстан Республикасының салық әкімшілігі мен оны жетілдіру мәселесі қарастырылған. Бұл тақырып

бойынша зерттеулер мынадай қазақстандық ғалымдар еңбектерінде көптеп кездеседі: А.А. Нұрымов, С.А. Шоимбаева, А.Т. Исаева, І.Ж. Нарғозиев, С. Құлпыбаев, Н.Қ. Мамыров, В.Д. Мельников, У.Б. Баймұратов, А.Б. Зейнелғабдин, У.М. Искаков, Қ.Қ. Ильясов, Б.Ж. Ермакбаева, М.Ж. Арзаева, М.Т. Құлжабаева, О.Т. Бурабаев, А.Д. Үмбеталиев, Ғ.Е. Керімбек және т.б.

Бұл ғалымдардың еңбектері салық жүйесінің қалыптасуы мен оның дамуы және салық салу теориясы мен методологиясын зерттеуде ауқымды үлесін қосты. Қазіргі кезде салық жүйесі мен салық салуды жетілдіру және модернизациялаудың теориялық, тәжірибелік және методологиялық аспектілері толық-қанды зерттелген деп айтуға келмейді.

Жұмыстың мақсаттары мен міндеттері. Магистрлік жұмыстың мақсаты - салықтық әкімшіліктендірудің мемлекет пен қоғамның мүддесін, мемлекеттік бюджеттің кіріс көзін қалыптастырудағы алатын орны мен атқаратын рөліне баға беріп, ол бойынша жетілдіру жолдарын ұсыну.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі зерттеудің міндеттері қажет:

- жалпы, Қазақстан Республикасындағы салық саясаты және оның жүзеге асырылуындағы салықтық әкімшіліктендірудің атқаратын рөлі;

- салық механизмінің негізгі элементі ретіндегі салық әкімшілігінің теориялық негіздерін қарастыру;

- салықтық әкімшіліктендірудің қазіргі кездегі жүзеге асырылу механизмін жергілікті салық органдарының негізінде талдау;

- салықтық әкімшіліктендіруді жетілдіру жолдарын қарастыру және сол бойынша тұжырымдар жасау.

Зерттеу объектісі ҚР салық жүйесі және салықтық әкімшіліктендіру аспектілері мен оның даму жағдайлары болып табылады.

Зерттеу пәні- Қазақстанда жүргізіліп отырған салықтық әкімшіліктендіруде туындайтын қаржылық қатынастар.

Зерттеудің әдістемелік және теориялық негізі отандық және шетелдік экономистердің еңбектері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңнама актілері, «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Заңы құрайды. Зерттеу процесінде ретінде отандық және шет елдік ғалым экономистердің еңбектері, мерзімдік арнайы басылымдар және салық салу саласындағы отандық заңнама (Салық Кодексі), салық әкімшіліктендіруін заң тұрғысында қамтамасыз ететін басқа да заңдық – нормативтік актілер және ҚР Қаржы Министрлігі Мемлекеттік кіріс басқармасының сандық мәліметтері, монографиялық және статистикалық материал, экономикалық, ғылыми-техникалық және бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдары пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының ақпараттық базасына ретінде ҚР Президентінің жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары, басқа да нормативтік құжаттар, ҚР Статистика жөніндегі комитетінің, Қаржы министрлігінің материалдары, салық органдарының есептері, сондай-ақ факторлық, салыстырмалы және статистикалық талдау негізінде алынған талдамалық зерттеу материалдары пайдаланылды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы Салықтық әкімшіліктендіруді ұйымдастыру аспектілерінің теориялық және практикалық мәселелерін кешенді зерттеу және қызмет ететін салық жүйесін, салықтық механизмін, онда кездесетін мәселелері мен келешектегі әлеуетін қарастыра отырып, жетілдіру жолдары бойынша ғылыми негізделген нұсқаулар мен ұсыныстарды әзірлеу.

Өткізілген зерттеуді топшылай отырып, бірқатар жаңалық ретінде мұндай нәтижелер алынды: - қазіргі таңдағы Қазақстанның салық жүйесі мен салық салуды ұйымдастырудың аспектілері мен ерекшеліктерін зерттей отырып, ондағы кездесетін мәселелер анықталды; - Қазақстан Республикасының салық қызметіне авторлық көзқарас ұсынылған;

- шет мемлекеттердің салық жүйесі мен салық салуды ұйымдастыру ерекшеліктеріне шолу жасалынып, біздің мемлекеттің салық жүйесінде шетелдік тәжірибені қолдану

мүмкіндіктері қарастырылды;

-нарықтық қатынастар жағдайында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты салықтарға талдау жасау арқылы салық жүйесінің тиімділігі бағаланды; - Қазақстандағы салықтық әкімшіліктендіруді жетілдіру жолы қарастырылған.

Қорғауға шығарылатын тұжырымдардың ғылыми маңыздылығы:

Ғылыми маңызды қорғауға шығарылатын тұжырымдарға келесілер жатады:

- салықтық әкімшіліктендіру мазмұнын айқындауда авторлық анықтама беру;
- салықтық әкімшіліктендірудің реформалануы мен даму кезеңдерінің жүйелендірілген үлгісі;
- ҚР-да салық әкімшілігін, салық қызметін және жалпы салық салу жүйесін жетілдіру жөніндегі бағыттар.

Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы. Қазақстандағы салықтық әкімшіліктендіруді жетілдіру жолы қарастырылған. Оның негізгі ережелерін, қорытындылары мен ұсыныстарын іске асыру жағдайын арттыруға септігін тигізеді, сондай-ақ жалпы салық жүйесінің тұрақтылығын нығайтуға және сенімділігін қолдауға ықпал етеді. Ғылым жұмыстың теориялық және практикалық бөлімдері экономика оқу орындарының, қайта даярлау және мамандардың біліктілігін жетілдіру институттарының оқу үдерісін ұйымдастыру барысында қолдануға болады.

Басылымдар. Диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша жалпы мөлшері 0,87 б.т. болатын 2 жұмыс жарияланды.

#### Негізгі бөлім

Салықтық әкімшіліктендіру, салықтардың бақылау функциясын жүргізу нысаны болып табылады. Одан басқа, фискалды және реттеуші функциясының жүзеге асырылуының атқарылуы нақты салықтардың бақылау механизмі арқылы өтеді.

Ал, салықтық әкімшіліктендіруді жүзеге асыру оның нақты әдістері мен тәсілдерінсіз мүмкін емес. Оның әдістері мен нысандарын нақты кестеде көрсетуге тырысайық.

Ал, нысандар мен тәсілдерді таңдай салықтық әкімшіліктендіруді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қаражат көздеріне және олар атқаратын қызметтерге байланысты болу қажет[7]

Кесте 1 –Салықтық әкімшіліктендірудің әдістері мен нысандары

<i>Салықтық әкімшіліктендірудің әдісі</i>	<i>Салықтық әкімшіліктендірудің нысаны</i>
Салықтық жоспарлау	1. Тактикалық
- аймақтың салықтық әлеуетін бағалау	
- салық бойынша бюджетті бекіту	
- бақылау міндеттерін құрастыру	
- ставкалар мен жеңілдіктерді үлестік бөлу	
2. Стратегиялық	
Салықтық реттеу	2. Салықтық ынталандыру жүйесі
Е с к е р т у – кесте автормен құрастырылды	

Қазіргі кезде салықтардың реттеуші қызметі табыстар мен пайдаларды салықтан босатып, және сол уақыттағы экономиканы мемлекеттік реттеу мақсатына сәйкес әрекеттер үшін, жалпы және жеке ынталандыру құрайтындай жағдайда емес, керісінше, шаруашылық субъектісі мен оның нақты шаруашылық акциясына берілген салықтық жеңілдіктер көлемінің арасында қатаң сандық тәуелділік орнатуға тырысады [25].




Сурет 1- Бюджетке түскен салықтар мен алымдарды қаржыландырудың қамтамасыз ету бойынша формасы

Ескерту: Сурет автормен басасөз деректері негізінде құрастырылды

Әлемдік тәжірибеде салық пен мемлекеттік шығындардың көмегімен экономикалық дамуды ынталандырудың тиімді әдістері жақсы таныс. Бұл біріншіден, салық ставкасына кейнсиандық әдіспен қолдану, ол жинақталған сұранысқа алып келетін, онымен бір уақытта ЖІӨ өнім және баға деңгейі, өсіп, яғни инфляцияның өсу қарқыны жеделдейтін, салықты қысқартуды жобалайды.

Салықтық әкімшіліктендіруге бес негізгі функция тән: есеп, жоспарлау, бақылау, реттеу және мәжбүрлеу (Сурет 1). Әрбір функцияға өзіндік жүзеге асыру құралдары тән, яғни алға қойылған мақсаттарға жету үшін әдістер мен тәсілдерді қолдану. Сонымен қатар әрбір функция осы құралдарды дайындайтын және жүзеге асыратын органдармен ерекшеленеді.



Сурет 2- Салықтық әкімшіліктендірудің негізгі функциялары

Е с к е р т у – сурет автормен құрастырылды

Салық әкімшіліктері: 1 – салық органдары, 2 – қаржылық органдар, 3- кедендік органдар, 4 – ҚР экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы).

Сурет 2ден көріп отырғанымыздай, заңды тұлғалардың 26% қызметін тоқтатқан және байланыс үзілген кәсіпорындар, ал дара кәсіпкерлер ішінде қызметін тоқтатқандар және байланыс үзілгендері жоқ. Бұл мемлекеттің жеке бизнестің қалыптасуы мен дамуына қолайлы жағдайлар жасап жатқандығын айтуға болады. Өкініштісі, бірақ жағымды жағдай

заңды тұлғаларға қатысты емес. 5040 заңды тұлғаның 74% ғана қызмет етеді. Қызмет етуші кәсіпорындардың 37% бұл сауда және делдалдық қызметтегі шағын кәсіпорындар. Ал жеке тұлғалар арасында негізгі массаны дара кәсіпкерлер құрайды, және барлығы дерлік салық салудың оңайлатылған режимінде қызмет етеді.

Кесте 3-Семей қаласының 2018 жылдың 1 қаңтарына салық төлеушілер саны бойынша ақпарат

	<i>Барлығы</i>	<i>%</i>	<i>Қызмет етуші</i>	<i>%</i>	<i>Қызметін тоқтатқан</i>	<i>%</i>	<i>Байланыс үзілген</i>	<i>%</i>
Заңды тұлғалар, жалпы	5040	100	3721	74	1030	20	289	6
С.і шағын кәсіпкерлік субъектілері	2147	100	1946	91	201	9	-	-
Жеке тұлғалар, с.і. дара кәсіпкерлер	22458	100	19210	85	3248	15	-	-
Ескерту – Семей қаласы бойынша Салық басқармасының мәліметтері негізінде автормен жасалған								

Мұндай статистика дара кәсіпкерлерге шағын бизнес субъектілері ретінде қызмет жүргізу тиімді екенін дәлелдейді.

Семей қаласы бойынша соңғы жылдардағы салық түсімдеріне толығырақ тоқталайық. Егер барлық салық түсімдері бойынша қарастыратын болсақ, соңғы үш жылға болжам орташа есеппен 108% орындалған. Салық салу деңгейінің және шағын және орта кәсіпкерлік даму динамикасының өзгеруінің өзарабайланысын көрсетеді.

Кесте 4- Семей қаласының 2018 жылдың 1 қаңтарына дара кәсіпкерлер саны бойынша ақпарат

	<i>барлығы</i>	<i>Төлемге тартылған</i>
Дара кәсіпкерлер	22458	19210
Патент бойынша	9647	8549
Оңайлатылған декларация бойынша	7922	7137
Жалпыға белгіленген тәртіп бойынша	1931	627
Шаруа қожалықтары	636	594
АСР қолданбайтын дара кәсіпкерлер	19	0
Ескерту – Семей қаласы бойынша Салық басқармасының мәліметтері негізінде автормен жасалған		

2016 жылы қаржы дағдарысының әсерінен заңды тұлғалардың өсу темпі төмендеген, сәйкесінше 2016 жыл бойынша салық түсімдерінің болжамы орындалмаған (слайд9)

Кесте 5- Семей қаласы бойынша 2015-2017 жылдардағы салық түсімдері бойынша болжамдық көрсеткіштердің орындалуын бағалау, мың.тенге


жылдар	Салық түсімдеріне болжам	Нақты түскен салық сомасы	Болжамның орындалу %	ауытқу
2015	7519593	8195552,1	108,9	675959,1
2016	8195552,1	7519593	91,7	675959,1
2017	9257541	9286697,3	100,3	29156,3

Ескерту – Семей қаласы бойынша Салық басқармасының мәліметтері негізінде автормен жасалған

Егер Семей қаласы бойынша салық түсімдерін салықтардың үлес салмағы бойынша қарастыратын болсақ, бұл жерде мемлекеттік бюджеттің салық түсімдері құрылымымен айырмашылық айтарлықтай айқын.

2017 жылы салықтық түсімдердің жалпы көлеміндегі негізгі салықтардың үлес салмағы келесідей: ҚҚС – 31%, әлеуметтік салық 21,7%, корпоративтік табыс салығы 17%, жеке табыс салығы - 11%, меншікке салынатын салық - 6%.

Салық тексерулерінің нәтижесі бойынша қоса есептеу 590 млрд. теңгені құрады және 4 есеге өсті. Қоса есептеудің басым бөлігі (77%) ірі салық төлеушілердің еншісіне тиесілі. Қоса есептеу 2013 жылмен салыстырғанда 2,3 есе артық өндіріліп алынды. Оның үстіне салық тексерулерінің сапасы артты. Егер 2013 жылы шағымдану нәтижесінде қоса есептеу 5,4 млрд. теңгеге кемісе, 2014 жылы – бар болғаны 2,8 млрд. теңге болды, немесе 2013 жылға қарағанда 1,9 есеге кеміді.



Сурет 2- Салық тексерулерінің бір қызметкерге шаққандағы саны және олар бойынша қосып есептелген салықтарының үлесі, %  
Ескерту – ҚР ҚМ 2016 жылға арналған статистикалық мәліметтері бойынша

Келесі кезекте салықтық әкімшіліктендірудің құрамдас бөлігі, оны жүзеге асырудың негізгі әдісі салық бақылауына, оның ішінде салықтық тексерулердің жағдайына келетін болсақ, бір қызметкерге шаққандағы салық тексеруінің саны орта есеппен 6,2 бірлікті құрайды. Ең жоғарғы шегі Қарағанды облысында, бір қызметкерге шаққанда 10,3 бірлікті құраған.

Ал, салық төлеушілердің салықтық тексерумен қамтылуы ең жоғарғы үлесі 47,7 пайызды құраған, бұл Қарағанды облысы бойынша қамтылған. Жалпы республика бойынша




2016 жылы кәсіпорындардың 46% жуығы салық тексеруінен өткен. Оның жартысынан астамы шағын бизнес өкілдерін қамтыған. Олар орта есеппен жылына екі рет тексеруден өткен.

Сонымен қатар, барлық деңгейдегі салық органдарының қызметтерін кешенді талдау мақсатында бір жылдан аса уақыт бұрын салық органдары жұмыстарының 12 негізгі бағыты мен 102 көрсеткішін қамтитын бағалаудың рейтингтік жүйесі әзірленіп, енгізілгенін атап өту қажет (Қосымша Д).

Салықтық механизмді жүзеге асыру салықтық бақылаусыз мүмкін емес. Мемлекет салықтың бақылуға тек қана фискальдық мәселелерді шешуде ғана үлкен мағына бермейді, ол жеке шаруашылық субъектілердің әрекетін әлеуметтік-экономикалық реттеуде, экономикалық қылмыс деңгейін төмендетуде және құрамды тұрақтандыруда ерекше көңіл бөлінеді

Келесі менің ұсынатын үлгім табыс туралы декларацияны толтырудың кең таралған түрі, ол өндірістіктік қызметтің нәтижесінде немесе табыс әкелетін құралдардан алынған табысты түгелдей қамтиды. Оның субъектілері жеке тұлғалар, кәсіпорындар және еркін кәсіпорын тұлғалары болып табылады. Бұл үлгіде мәліметтер нақты және сараптамалық сипатта болуы керек: кәсіпорындардың табысы туралы, үй шаруасымен айналысатындар мен жер иеленушілердің табысы, жеке өз ісі бар және жалдамалы жұмыс істейтін адамдардың табысы, капиталдан түскен табыс туралы.



Сурет 3- Салықтық әкімшіліктендіруді жетілдіру бағыттары  
Е с к е р т у – сурет автормен құрастырылған

Ал, Қазақстан республикасында қалыптасқан салықтық әкімшіліктендіру, оның ішінде салық бақылауында кездесетін көптеген проблемалар бар:

Оның ішінде, салық қызметінің сапасының жоғары болмауы; салықтық бақылаудың жеткілікті түрде тиімді болмауы; салықтардың толығымен жиналмауы немесе салықтық жетіспеушіліктердің болуы.

Аталған проблемаларды шешу үшін салық төлеушілерді қанағаттандыратын және жоғары салықтық түсіммен қамтамасыз ететін және үнемі жетілдіріліп отыруға бағытталған жоғары тиімділікті басқару жүйесі бар Салық комитетін құру болып табылады.

Аталған мақсатқа жету үшін көптеген міндеттерді орындау қажеттілігі туындайды, солардың бірі салық қызметі органдарында қызмет ететін персоналдарды оқыту, қызмет ету кезінде мөлдірлік, объективтілік және кадрлық лауазымдардың карьерлік өсуін қамтамасыз етіп отыру табылады. Сонымен бірге, салықтық әкімшіліктендірудің процедураларын жеңілдететін салық заңнамасын енгізу мәселелерін қолға алу қажет. Оның қысқаша мазмұнын жоғарыдағы суреттен байқауға болады.

Сонымен бірге, осы мақсаттағы салық қызметі органдары алдағы бес жылға даму стратегиясын жасап отыр, оның негізгі мақсатының бірі салықтық әкімшіліктендіруді жетілдіре отырып, ЖІӨ-дегі салықтық түсімдердің үлесін 2016 жылы 26 пайызға жеткізу.

Аталған жоспарды орындау үшін, жоғарыда қарастырып өткеніміздей салықтық әкімшіліктендірудің атқаратын рөлі жоғары және ол үшін салық қызметі органдарында келесі қызметтерді жандандыру қажет:

- Салық бақылауы рәсімін жетілдіру және оңайлату, реттеу;
- Мемлекеттік, өзге уәкілетті органдардың шет мемлекеттердің құзырлы салық органдарымен өзара әрекет ету тиімділігін арттыру;
- Салық бақылауы рәсімін автоматтандыру;
- Жүйелі түрде салық салудан жалтаруда қолданылатын жаңа тәсілдер мен схемалар анықтау және олардың тууына ықпал ететін себептерді жою аясында әрі қарай шаралар енгізу.

## Қорытынды

Ғылыми жұмысты қорытындылай келе, келесі нәтижелерге қол жеткізгенімізді айта кетейік:

Мемлекет салықтарды төмендете отырып, олардың уақытында төленуін талап етуге құқылы, өйткені тек қана салық салу ауыртпалығын төмендету арқылы ықылассыз, селқос салық төлеушілердің өз салықтық міндеттерін толық қанды орындату мүмкін емес. Ал, бұлсыз нарықта салық төлеушілердің барлығына бірдей жағдай туындамайды, яғни, салық төлемейтіндердің уақытында салық төлеп отыратын ықыласты салық төлеушілермен салыстырғанда бәсекелес артықшылықтар пайда болады. Басқаша айтқанда, салық ауыртпалығын төмендету соған бара – бар салықтық әкімшіліктендірудің күшейтілуімен бірге жүзеге асырылуы тиіс.

2. Тақырып бойынша мәселелер көтерілді. Салық төлеуден шеттеу салық заңдарының жетілмеген жағдайында болуы мүмкін. Дұрысында заң актілері салық төлеушілерге салықтан жалтаруға мүмкіндік қалдырмайтындай жетілген болуы тиіс. Елдегі қоғам пікірі, айып пұл және санкция жүйесі салықтан жалтарудан гөрі салықты өз уақытында төлеудің тиімділігін көпе-көрнеу көрсетіп тұруы керек.

Салықтан жалтаратын мұндай жағдайларда тәртіпті қылмыстық заңдар құралдарын қолдана отырып реттеу қатаң әкімшілік шараларымен ғана жүзеге асырылатындығы көрінеді.

Салықтық бақылау салық механизмінің функционалды элементі, салық қатынастарын басқару жүйесі ретінде қарастырылады. Салықтық бақылаудың қазіргі практикасын талдау негізінде оның әр түрлі аспектілеріне: маңыздылық, ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық сипаттама берілген.

Салық механизмінің дұрыс жұмыс жасауы үшін салық салудың қағидалары сақталуы қажет. Салықтарды жинау барысындағы мемлекет қызметінің көп жылдық дамуының нәтижесінде салықтардың тиімді түрлері мен оларды салудың әдістері, тәсілдерінің қалыптасып, дамуына және әр елдің өзіне тән салық жүйесінің пайда болуына мүмкіндік берді.

3. Ерекше қызығушылықты бизнес процестерді жетілдірумен байланысты реформаның компоненттері тудыртады, себебі оның іске асырылуы қызмет көрсетудің сапасына тікелей әсер етеді, салық төлеушілер үшін де, мемлекет үшін де тиімділігін арттырады және шығындарды қысқартады. Бизнес процестерді жетілдіру бағыттары арасында е-декларациялау (электрондық декларациялау), УЭО кәсібилігі (уәкілетті экономикалық операторлар), call – орталығы қызметінің спектрін және сапа деңгейін кеңейту, бірыңғай ақпараттық жүйені және деректер базасын құру арқылы техникалық

мүмкіндіктерді кеңейту айқындалған. Адал салық төлеушілердің СЭҚ-қа қатысушылармен өзара іс-қимыл оңтайландыруға мүмкіндік беретін бақылау тәуекелдерді басқару жүйесіне бағдарланатын болады, сондай-ақ күшті көлеңкелі экономикаға қарсы күреске шоғырландыруға мүмкіндік береді. Жақын арадағы перспективада бизнес үшін осы бастамалардың ішінде іске асырудың ең көп күтілетін нәтижелердің арасында - кедендік декларациялау кезінде құжаттардың қысқаруы, СЭҚ-қа қатысушылардың тіркеуін оңайлату, бақылау функциясы тауар шығарылғаннан кейінгі кезеңге ауысатын «жасыл дәлізді» енгізу.

4. Әлемдік практикадан өтіп қалыптасқан салықтар теориясы ұтымды салық жүйесінің, салықтық реттеудің жұмыс жасауына және салықтардың экономикаға әсер ету құрылымына, механизмін және мазмұнын анықтайды және соған қажетті жағдай болып табылады. Сондықтан, болашақта салық әкімшілігінің тиімді жұмыс жасауы үшін келесідей ұсыныстар жасаймыз:

- Методикалық жағынан Салық Кодексі оқырманға бір оқығанға түсінуге қиын, сондықтан қандай да болмасын салық заңдылықтар мен нормативтік құжаттар оңайлатылған, түсінікті болу керек;

- Барлық экономикалық салалары бойынша, әсіресе орта бизнес субъекттері үшін және жекелеген салық түрлері бойынша мониторингін жандандыру мен дамытуды талап етеді;

- Ел экономикасын дұрыс жолға қоюда өндіріспен айналысатын отандық кәсіпорындарға салық салу жүйесін қайтадан қарастыру керек, оның ішінде салық ставкасын төмендету немесе басқа жеңілдіктердің түрлерін қарастыру;

- Қазіргі енгізіліп жатқан түрлі ақпараттық жүйелердің техникалық және ұйымдастырушылық жағынан сапасын арттыру керек;

- Шағын және орта бизнес өкілдерін рейдтік және хронометраждық тексеру әдістерімен тұншықтыра бергеннен қарағанда, оларды салықтық бұзбағаны үшін оларға марапаттау жариялап отыру да қажет;

- Нақты критерийлердің негізінде салық қызметі жұмысшылары мен бөлімшелердің жұмысын бағалау, салықтық бақылаудың тиімділігін көтеру үшін ынталандыратын құралдар ойлап табу.

- Басқа дамыған елдердегі салық қызмет органдарының қызметін түрлі баллдық жүйе арқылы, бағалап, еңбек ақыны дифференциалдау мәселесін дұрыс жолға қою.

5. Жоғарыда қарастырып өткеніміздей салықтық әкімшіліктендірудің атқаратын рөлі жоғары және ол үшін салық қызметі органдарында келесі қызметтерді жандандыру қажет:

- Салық бақылауы рәсімін жетілдіру және оңайлату, реттеу;

- Мемлекеттік, өзге уәкілетті органдардың шет мемлекеттердің құзырлы салық органдарымен өзара әрекет ету тиімділігін арттыру;

- Салық бақылауы рәсімін автоматтандыру;

- Жүйелі түрде салық салудан жалтаруда қолданылатын жаңа тәсілдер мен схемалар анықтау және олардың тууына ықпал ететін себептерді жою аясында әрі қарай шаралар енгізу.

Интеграциялық үдерістерді дамыту барысында салықты жетілдіру мәселелері ерекше маңызға ие. Бұл фискалдық құралдарды үйлестіру қажеттілігімен байланысты. Елдің салық жүйесіндегі сапалық өзгерістерге қарамастан, салық әкімшілігінде кейбір мәселелер бар [45].

Сонымен қатар, салық органдарының билік, басқару орындарымен, құқық қорғау органдарымен және банк жүйесімен жүйе аралық ақпараттық қарым-қатынас жасау бүгінгі күні өзекті болып отырғандықтан, Республика Президентінің өз жолдауында атап өткеніндей, олардың біртұтас жүйесін одан әрі жетілдірілуі кезек күттірмейтін талап.

Сонымен, ойымды қорыта айтар болсам, біздің Үкіметіміздің алдында тұрған міндет – ол тұрақты қабылданған заңдардың негізінде қаржы жүйесін тез арада қалпына келтіріп, ондағы салық арқылы түсетін түсімдерді реттеп, олардың дұрыс бөлінуін қамтамасыз ету болып табылады. Ең алдымен салық қызметінің айқын заңға сүйенген базасын жетілдіру

кажет, осының арқасында салытардың уақытылы және барлық көлемінде түсуін камтамасыздандыру керек.

#### ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ЖАРИЯЛАНҒАН ЕҢБЕКТЕР ТІЗІМІ

1) Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасындағы салықтық әкімшілендіру және оның даму болашағы [Текст] / Р. Қ. Құдайберген // Материалы междунар. науч.-практич. конференции "Учетно-финансовые проблемы и их решения в условиях нестабильной экономической ситуации". - Семей, 26.10.2016. - С. 175-179.

2) Салықтық әкімшілендіру нысандары мен әдістерін бағау және қазіргі кезеңде оларды жетілдіру// Материалы междунар. науч.-практич. Конференции магистрантов, докторнгов и молодых ученых "Актуальные проблемы современной науки". - Семей, 24.04.2018. - С. 279-284.,

## Құдайберген Рүстем Құдайбергеноұлы

«Налоговое администрирование: анализ и пути совершенствования»  
Специальность: 6М050900 – «Финансы»

### РЕЗЮМЕ

**Актуальность темы исследования:**

С помощью налогов государство действительно способно создать благоприятные и конкурентоспособные условия для одних сфер либо наоборот ограничить деловую активность хозяйствующих субъектов других сфер. Управляя механизмом налогообложения, вводя или отменяя разные виды налогов, формируя методические основы исчисления налогооблагаемой базы, меняя налоговые ставки, предоставляя или отменяя налоговые льготы, государство может активно воздействовать на стимулирование или ограничение предпринимательской деятельности, что прямо повлияет на темпы экономического роста в стране. Эту двойственность влияния налогов на предпринимательскую деятельность необходимо учитывать в процессе осуществления экономических преобразований, и в первую очередь в ходе проведения налоговых реформ.

**Объект исследования:** деятельность органов налоговой службы администрированию налогов с субъектов малого и среднего бизнеса в Республике Казахстан.

**Цели и задачи исследования:** Целью данной работы является раскрытие сущности налогового администрирования и на основе проведенного анализа выработка конкретных решения по совершенствованию налогового администрирования.

**Научная новизна работы** заключается в том, что на основе проведенного анализа функционирования органов налоговой службы определены основные тенденции и механизмы совершенствования деятельности налоговой службы на современном этапе.

**Практическая значимость работы** заключается в возможности применения механизмов оценки деятельности налоговой службы в практической деятельности налоговых органов и на лекционных занятиях при преподавании финансовых дисциплин.

## Құдейберген Рүстем Құдейбергенұлы

Салықтық әкімшілендіру: талдау және жетілдіру жолдары  
(Семеу қ-сы, "Мемлекеттік кірістер басқармасы" ПММ материалдырынд)

### 6M050900 - Finance

**Volume and structure of the dissertation.** Thesis is presented on 95 pages of the typewritten text, consists of an introduction, three chapters, conclusion, list of references, including 38 items, 8 tables, 3 and 5 of the drawing application.

**Keywords:** Tax, tax, tax system, taxpayer, value added tax, excise tax, indirect taxes, special payments, arrears, revenue, tax administration, collection, tax calculation, declaration, calculation, vehicle tax.

**Relevance of the research topic.** Taxes levied by the state on the population, perform functions inherent taxes in general. But they serve as a means of communication of a citizen, the individual, and the state or local governments, reflect his individual involvement in state and local affairs, allow yourself to feel active members of society in relation to these cases, provide a basis for monitoring them, as well as the responsibility of the state and local governments to taxpayers. Of course, this aspect can be considered and the relationship with the state, but it is with the citizens it is particularly well because of its direct relationship with them.

**The purpose and objectives of the study,** the aim of the thesis is the study and analysis of the practice of calculation of indirect taxes in the Republic of Kazakhstan, the analysis of their revenue in recent years, and on this basis to identify existing problems and to develop measures to address them.

The objectives of the thesis are:

- To reveal the economic content of indirect taxes;
- Consider international experience of calculation and collection of indirect taxes;
- To study and analyze the practice of calculation and receipt of indirect taxes in the budget;
- To investigate the practice of tax control of tax authorities for the correct calculation and timely receipt of indirect taxes;
- An analysis of the problems associated with the calculation and collection of indirect taxes in the budget, and developed measures to improve the mechanism of collection and calculation of indirect taxes.

**Object of study.** The object of research is the system of financial relations between the state and taxpayers about the latest calculation and payment of indirect taxes to the state budget.

**The subject of the research** tax relations between public authorities and payers of indirect taxes.

**Theoretical and methodological basis of the study.** The basis of the research served as a general theory of taxes and taxation, the theory of the organization of tax control, scientific works of Kazakh, Russian and foreign economists on problems of the theory and practice of indirect taxation, as well as the provisions of the Tax Code, the laws and regulations of the Republic of Kazakhstan and др.государств.

According to the research results 2 scientific papers totaling 0,8 printed sheets have been published.



Қазақстан инновациялық университеттің баспасында теріліп шығарылған  
071400, Семей қ. Байсеитов қ.т.56-22-23  
<http://www.info@kiu.kz/>